



**Қазақстан Республикасының банктерінде шетелдік валютадағы анонимдік шоттар ашудың және жүргізудің техникалық тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасында 2 қыркүйек 1994 ж. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 26

Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі Басқармасы Мәжілісінің

**Х А Т Т А М А С Ы**

Алматы қаласы

Тыңдалды:

1. "Қазақстан Республикасының Банктерінде шетелдік валютадағы анонимдік шоттар ашудың және жүргізудің техникалық тәртібі туралы уақытша ереженің" жобасы.

Қаулы қабылдады:

1. "Қазақстан Республикасының банктерінде шетелдік валютадағы анонимдік шоттар ашудың және жүргізудің техникалық тәртібі туралы уақытша ереже" ескертулер мен толықтыруларды ескере отырып бекітілсін.

2. Осы уақытша ереже басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін жүзеге асырылсын.

Басқарма төрағасы

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің  
Басқармасында бекітілген  
1994 ж. 2 қыркүйек

Қазақстан Республикасының банктерінде  
шетелдік валютадағы анонимдік шоттар ашудың  
және жүргізудің техникалық тәртібі туралы

## Уақытша ереже

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жеке тұлғалар үшін шетелдік валютадағы анонимдік шоттар енгізу туралы" 01.02.94 ж. N 1537 U941537\_ Жарлығын жүзеге асыру және ақша салымдарының құпиялылығын қорғау және оларға қол сұғуға болмайтынына кепілдік беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасына шетелдік валюталарды тарту мақсатында осы "Қазақстан Республикасының банктерінде шетелдік валютадағы анонимдік шоттар ашудың және жүргізудің техникалық тәртібі туралы уақытша ереже" бекітіледі.

### 1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Шетелдік валютадағы анонимдік шот ашу дегеніміз арнайы кодтық құрылымы бар жеке тұлғаның валюталық шоты. Анонимдік шот (кодтың) ашық және жабық бөліктерден тұрады. Код әріптердің немесе сандардың түрлі қисындарынан тұруы м ү м к і н .

1.2. Анонимдік шоттың иесі дегеніміз Қазақстан Республикасының Бейрезиденті, банктен осындай шот ашқысы келетін және одан тиісті құжат алған жеке тұлға. Бейрезиденттер - шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелде тұрақты мекен-жайы бар Қазақстан Республикасының азаматтары.

1.3. Жеке тұлғалар үшін шетелдік валютадағы анонимдік шот, әрмен қарай "Банк" деп аталады, ұлттық банктен жеке тұлғалар үшін шетелдік валютадағы анонимдік шот жүргізу құқына лицензия алған өкілетті банктен ашылады.

1.4. Кез келген жеке тұлға - Қазақстан Республикасының Бейрезиденті анонимдік шотты шетелдік валютада аша алады.

1.5. Жеке тұлғалардың анонимдік шотқа арналған шетелдік валютасы оның шығу тегінің заңды екеніне құжат көрсетпестен-ақ қабылданады.

1.6. Анонимдік шоттар ашудың нақты тәртібін, кодтың шартты белгілер жүйесін, анонимдік шотқа қабылданатын шетелдік валюталардың тізбесін, комиссиялық сыйақы мөлшері өкілетті банктер өз бетінше анықтайды.

1.7. Анонимдік шоттарды ашу және жүргізу бойынша барлық құжаттар, сондай-ақ соларға байланысты операциялар қатаң түрде құпия сипатта болады, осы шоттар бойынша ақпараттар алуға мүмкіндіктері бар адамдардың тобы барынша шектелуі к е р е к .

1.8. Банктер анонимдік шоттар бойынша қаржылар қозғалысының есептемесі мен есебінің формасын толтыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің талабына сәйкес бухгалтерлік есептің жүргізілуін көрсету үшін жинақтамалы есеп жүргізеді.

Жинақтамалы есепте барлық анонимдік шоттар бойынша бір ғана құрама дербес шот жүргізіледі, ол шетелдік валютаның әр түрі бойынша "Шетелдік валютадағы анонимдік шоттар" деген 151 баланстық шотпен жүзеге асырылады.

Банктер ай сайын осы ереженің N 1 қосымшасында келтірілген форма бойынша анонимдік шоттар жөнінде қаржы министрлігі мен ұлттық банкке мәліметтер беріп  
о т ы р а д ы .

Қажеттігіне қарай, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі анонимдік шоттары жүргізуге лицензия алған банктерден қосымша мәліметтер сұрауы мүмкін.

## 2. Анонимдік шоттарды ашу тәртібі және операцияларды жүргізудің іс-шаралары

2.1. Салым иесі анонимдік шот ашу үшін қатаң есептегі "Шетелдік валютадағы анонимдік шотты ашуға өтініш" деген арнайы бланк толтырады, онда төмендегідей мәліметтер көрсетіледі: фамилиясы, аты, азаматтығы, жеке басын анықтайтын құжаттық мәліметтер, толық мекен-жайы, қол қою үлгісі, өз қалауы бойынша салым иесі өзі туралы қосымша мәліметтер беруі мүмкін, сондай-ақ егер өзі қайтыс болған жағдайда немесе басқа жағдайларда анонимдік шоттағы қаржыларына меншіктену құқын бере алады. Банк клиенттің Бейрезиденттігін анықтауға жауапты.

Анонимдік шоттың ашылуы туралы өтініштің тексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізетін болса, онда бұл туралы шот иесі банк жетекшілігін жазбаша түрде хабардар  
е т е д і .

2.2. Анонимдік шот ашылғаннан кейін белгіленген тәртіппен шот иесіне көрсетуге тиіс болса, шот нөмірі, берілген уақытында шот бойынша қаржы қозғалысы жазылған арнайы құжат беріледі. Анонимдік шоттың (код) жабық бөлігі жеке параққа жазылады, конвертке салынып, соңынан иесіне беріледі.

2.3. "Шетелдік валютадағы анонимдік шотты ашуға өтініш" деген әрбір бланк толтырылғаннан кейін жеке нөмірленіп, банктік конвертке салынады, бақылау белгісі бар жолақ қағазбен желімделеді, оған банктің арнайы өкілетті лауазымды екі адамының қолы қойылады, мөр басылады, сөйтіп конверт банктің арнайы сейфінде сақталады. Шот иесі бақылау жолағына өз қолымен белгі соғады. Конверттің нөмірі мен дайындалған күні "анонимдік шоттарды тіркеу" деген жеке журналға жазылады және анонимдік шот иесіне конверт нөмірінің анонимдік шотты тіркеу нөміріне сәйкестігі  
т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

Өтініш толтырылғаннан кейін банк клиентпен шарт жасасады, онда шотты жүргізудің және операцияларды аяқтаудың шарттары қарастырылады.

2.4. Анонимдік шоттар бойынша операциялар жүргізудің іс-шараларын банк өзбетінше талдап жасайды және анонимдік шоттарды ашу мен жүргізудің ішкі  
т ә р т і б і н е ә с е р е т е д і .

2.5. Көрсетушіге деген құжаттар немесе код жоғалған жағдайда салым иесі бұл туралы банк басшылығына тез арада жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Шот иесі көрсетушіге деген құжаттарды немесе кодты жоғалтып алған жағдайда, оны қайта қалпына келтіру қолда бар мәліметтер мен шарттарды негізге ала отырып, анонимдік шоттар ашу және жүргізу бойынша банктің ішкі тәртібіне сай талаптармен жүргізіледі.

Көрсетушіге деген құжаттарды қайта қалпына келтіргенде, оның нөмері бұрынғы құжаттың нөмірінен басқа болуға тиіс, сондай-ақ бұл құжаттың нөмірінің өзгергені жөнінде "Шетелдік валютада анонимдік шот ашу үшін өтініш" деген ашық конверттегі бланкіге белгіленеді.

### 3. Анонимдік шоттардың тәртібі

3.1. Анонимдік шоттар бойынша операциялар жүргізу өкілетті банк қабылдаған және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті актілерінің шеңберіндегі осы уақытша ережеге және жеке тұлғалар үшін шетелдік валютада анонимдік шоттар ашу және жүргізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

3.2. Анонимдік шоттар ағымдағы және мерзімді болуы мүмкін, анонимдік шот бойынша депозит мөлшерлемесін, мерзімін және басқа шарттарды банктер өздері белгілейді.

3.3. Анонимдік шот ашылған кезде депозиттегі шетелдік валютаның ең аз жарнасы АҚШ-тың 500 долларынан немесе басқа еркін өтімді валютадағы соған сәйкес ақша баламасынан тұрады.

Анонимдік шотқа салынатын алғашқы салым қолма-қол шетелдік валютамен салынды.

3.4. Қолма-қол ақшамен жүргізілетін операциялар анонимдік шотқа қолма-қол түрде салынған ақша сомасы мөлшерінде жүргізіледі.

### 4. Ұлттық банктің банктерге анонимдік шоттарды ашуға және жүргізуге лицензия берудегі іс-шаралары

4.1. Анонимдік шоттарды ашуға және жүргізуге лицензия беру (әрмен қарай текст бойынша "лицензия") Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің айрықша құзыретіне жатады.

Ұлттық банк банктерге өтінішін қарау үшін және лицензия беру үшін банктік қадағалау департаментінің, бухгалтерлік есеп және есептеме департаментінің, заң департаментінің, шетелдік операциялар департаменті мен валюталық реттеу департаментінің қызметкерлерінен 5 адамнан тұратын жұмысшы комиссиясын құрады.

Лицензия берудің мерзімі немесе ол берілмеген жағдайда себебін көрсете отырып құжаттарды қарау мерзімі - 30 күнге дейін шешілуі керек.

Комиссияның мақұлдаған шешімінің хаттамасы барлық басқа құжаттармен бірге банктерге лицензия беруді түпкілікті шешу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің директорына жіберіледі.

4.2. Лицензиялар Ұлттық Банктің бас лицензиясын алған банктерге осы уақытша ереже талаптарына сәйкес шетелдік валютада операциялар жүргізу үшін берілуі мүмкін.

4.3. Банктер лицензия алу үшін Ұлттық банкке төмендегідей құжаттар ұсынады:

- Ұлттық Банктің төрағасының атына банкке лицензия беру туралы өтініш;
- анонимдік шоттармен жұмыс істейтін банк қызметкерлерін дайындау туралы мәліметтер;

- Қазақстан Республикасының Бейрезиденттері - Заңды тұлғалар үшін осы уақытша ережеге және іс жүзіндегі банк заңдарына сәйкес (барлық қажетті құжаттар үлгілерімен) банктің талдап жасаған шетелдік валютадағы анонимдік шоттар ашу мен жүргізу тәртібі. Мұнда бухгалтерлік есеп, валюта қаржысын сақтау, анонимдік шот иесінің көрсетушіге деген құжаты мен коды жоғалған жағдайда оны қайта қалпына келтіру тәртібі, анонимдік шоттар бойынша операциялар жүргізудің іс-шаралары анонимдік шоттарға деген талапта көрініс табуы керек. Осы тәртіп Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бекітуіне жатады;

- Ұлттық банк белгілеген, экономикалық нормаларды сақтау туралы мәліметтер;
- жеке тұлғаның - Бейрезиденттің шетелдік валютада шот жүргізу бойынша банк жұмысының тәжірибесі жөніндегі анықтама.

Комиссия анонимдік шоттар ашу мен жүргізудің ережесіне өзінің толықтырулары мен өзгертулерін лицензия алу туралы өтініш еткен банкпен келісе отырып енгізеді.

## 5. Анонимдік шоттарды ашу мен жүргізуде тәртіппен шаралардың бұзылуына жауапкершілік

Банктер лицензия шарттарын, анонимдік шоттарды ашу мен жүргізу тәртібін бұзғаны үшін, анонимдік шоттар бойынша операциялардың тиісті есебінің жасалмағандығы үшін жауап береді, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен қаржы министрлігіне есеп құжаттары мен ақпараттарды

бермегені немесе уақытында бермегені үшін республиканың іс жүзіндегі заңдарына сәйкес банк операцияларын жүргізуге берген лицензияларды қайтарып алуға дейін барады. Банк қызметкерлері осы уақытша ережені бұзғаны үшін іс жүзіндегі әкімшілік және қылмыстық заң бойынша жауапқа

тартылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық банкінің төрағасы

(Ай сайын)

№ 1 қосымша

Келесі айдың 10-на дейін  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасының Бейрезиденттерінің шетелдік  
валютадағы анонимдік шоттары бойынша мәліметтері  
(Есеп беретін айдың соңғы күнінде берілген деректер)

Банк \_\_\_\_\_

Анонимдік шоттар саны, барлығы: \_\_\_\_\_  
(соның ішінде 10 мың АҚШ  
долларымен немесе басқа еркін  
өтімді валютаға тең ақшамен) \_\_\_\_\_

Салымдар сомасы

АҚШ доллары \_\_\_\_\_

Неміс маркасы \_\_\_\_\_

Басқа валюталар \_\_\_\_\_

Барлығы:

(Ұлттық банк белгілеген  
курс бойынша АҚШ долларымен)

\_\_\_\_\_

Банк төрағасы

қолы \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер

ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

Ескерту. Есеп беретін айдың соңғы күніндегі Ұлттық банк  
белгілеген курс

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК